| **дайындық** | тұрып: «бәрімізге денсаулық тілейміз» - деп терең дем алады.<br>«Бір шаңырақ астында» тақырыбында әңгімелесу. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылату, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдату, ережелер туралы келісу және т. б. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекеттер** | **Сөйлеуді дамыту**<br>Сын есімдер мен үстеулерді қолдану. «Менің жақын досым» тақырыбында балалардың әңгімесін тыңдау. Достарын сипаттау, олардың жақсы қасиеттері үшін достығы үшін алғыс білдіру.<br><br>**Дене шынықтыру**<br>Жалпы дамытушы жаттығулар.<br>Негізгі қимылдар:<br>заттардың, кегльдердің арасымен, жіптерден аттап жүру;<br>белгіленген жерге дейін жылдамдыққа (ұзындығы 20 метр) жүгіру;<br>бір гимнастикалық қабырғадан екіншісіне ауысып өрмелеу;<br>Қимылды ойын:<br>«Қуып,жылдам ұста» | **Көркем әдебиет**<br>«Түлкі мен қоян» ертегісін үстел үсті театры арқылы көрсету. Сюжетті таңдауда бастамашылық пен дербестік танытуға ынталандыру. Ертегіні сахналату.<br>**Музыка**<br>"Бақытты балалық шақ"<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қимылды музыкамен сәйкестендіру және музыканың екінші бөлігінде қимылды өзгертіп, әуенмен орындай білу дағдыларын дамыта отырып, музыкалық аспаптық оркестрлық ұжымда қарапайым ырғақты суретті өздігінен орындау іскерліктерін жетілдіру.<br><br>**Сауат ашу негіздері** | **Сауат ашу негіздері**<br>Жазу парағын бағдарлай білу, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажырата білуге үйрету.<br>Көкөністер дайын суреттерінің сыртын шетке шығармай бастыру, бояу дағдыларын жетілдіру<br><br>**Дене шынықтыру**<br>Жалпы дамытушы жаттығулар.<br>Негізгі қимылдар:<br>заттардың, кегльдердің арасымен, жіптерден аттап жүру;<br>белгіленген жерге дейін жылдамдыққа (ұзындығы 20 метр) жүгіру;<br>сызықтан секіру тұрған орнында айналып секіру; | **Сөйлеуді дамыту**<br>Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру: сөйлегенде бейнелі сөздерді, эпитеттерді, салыстыруларды қолдануды. Бір шаңырақ астында дегенді балалар қалай түсінеді сұрау. Шаңырақты таныстыру, барлық баланы астына жинау мен ойнату.<br><br>**Музыка**<br>"Жеңіс күні"<br>Мақсат-міндеттер: балаларды әнді тыңдау кезінде сипатын ажырата білуге үйрету.<br><br>**Сауат ашу негіздері**<br>Жазу парағын бағдарлай білу, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажырата білуге үйрету. | **Көркем әдебиет**<br>Белгілі образды сомдауда эксперимент жасауға, түрлендіруге мүмкіндік беру. Топтағы кейіпкерлердің киімдерін киіп еркін ойындар ойнауын ұйымдастыру.<br><br>**Математика негіздері**<br>Карточкаларда бейнеленген ойыншықтарды тапқызу. Олары суретпен салыстыру. Теңдік туралы түсінік қалыптастыру, әртүрлі заттардан тұратын топтардың санын анықтау, топтарды санау және салыстыру негізінде сандық мәндерді дұрыс жалпылауды үйрету. Қисық және қиғаш сызықтарды дәптердің тор көзінде сызуға |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Математика негіздері** Ойыншық қорабындағы ойыншықтармен ойын ойнату. Жиынды сапасы бойынша әртүрлі элементтерден (түсі, өлшемі, пішіні, дыбысы, қимылы, қолданылуы бойынша заттардан) жиынды құру, жиындарды бөліктерге бөлу және оларды қайта біріктіру тәсілдерін меңгерту. Қисық және қиғаш сызықтарды дәптердің тор көзінде сызуға үйрету.<br><br>**Қоршаған ортамен таныстыру** Еңбекқорлық пен жауапкершіліктің маңызын түсіну, өзін-өзі құрметтеу, өз күші мен мүмкіндіктеріне деген сенімділікті арттыру дағдысын жетілдіру. «Мен | Жазу парағын бағдарлай білу, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажырата білуге үйрету. Көкөністердің дайын суреттерінің сыртын шетке шығармай бастыру, бояу дағдыларын жетілдіру<br><br>**Сурет салу Мүсіндеу Жапсыру,құрастыру** «Достық алаңы» тақырыбында суретті қарапайым қаламның көмегімен жеңіл ырғақпен үстінен қатты баспай бейненің сұлбасын салуды үйрету.<br><br>Кейіпкерлердің өзіне тән бөлшектерін мүсіндеуді үйрету. Жеке және топпен бірлесіп жасауды, онда міндеттерді келісіп атқаруды меңгерту. Әр балаға адам мүсінін жасату. Оларды алаңғы жинап, ойнап жүрген | допты лақтыру және алға қарай жылжып, екі қолымен қағып алу арақашықтығы 4–5 метр;<br><u>Қимылды ойын:</u> «Аққу-қаздар»<br><u>Спорттық ойын элементтері:</u><br>Бадминтон. Воланды ракеткамен белгілі бір жаққа бағыттай отырып лақтыру.<br><br>**Қазақ тілі** Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияныдамыту, қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, ң, һ дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру. Өздері алдын | Көкөністер дайын суреттерінің сыртын шетке шығармай бастыру, бояу дағдыларын жетілдіру<br><br>**Қоршаған ортамен таныстыру** Үй-жайларда, балабақша ауласында, жақын маңдағы шағын ауданда аймақты еркін бағдарлай білулерін дамыту. Өзінің үйіне баратын жолда не бар, суретін салып көрсетуіне мумкіндік беру. | үйрету.<br><br>**Дене шынықтыру**<br><u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u><br><u>Негізгі қимылдар:</u><br>заттардың, кегльдердің арасымен, жіптерден аттап жүру;<br>белгіленген жерге дейін жылдамдыққа (ұзындығы 20 метр) жүгіру;<br>бір гимнастикалық қабырғадан екіншісіне ауысып өрмелеу;<br>оң және сол аяқты алмастыра отырып, арқаннан, сызықтан секіру тұрған орнында айналып секіру;<br>қашықтықта орналасқан іші толтырылған доптардан аттап өту;<br>сап түзеп, бір және екі, үш қатармен қайта тұру.<br><u>Қимылды ойын:</u><br>«Мысық пен тышқан»<br><u>Спорттық жаттығулар:</u><br>Велосипед, самокат тебу. Шеңбер бойымен және тура жолмен өз |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | еңбеккор баламын» тақырыбында балалардың ойын тыңдау. | балалардың достық алаңын жасату. Шығармашылық ойлауды және қиялды дамыту. Қатпарлап қию әдісімен өздеріне ұнайтын затты қиып жасату. Қағаздан құрастыру әдістерін қолданып, жазық материалды көлемді пішінге өзгерте білуді бекіту. Достық гүлін жасату. Баллардың жасаған гүлдерін бір құмыраға салғызу мадақтау. | жаттаған тіл ұстартуларын қайталату.<br><br>**Математика негіздері**<br>Теңдік туралы түсінік қалыптастыру, әртүрлі заттардан тұратын топтардың санын анықтау, топтарды санау және салыстыру негізінде сандық мәндерді дұрыс жалпылауды үйрету. Алтын қоржынан бір заттан алу, оның сыңарын табу. Басқа балалардың заттарымен салыстыруды дамыту. Қисық және қиғаш сызықтарды дәптердің тор көзінде сызуға үйрету. | | бетінше екі доңгелекті велосипед тебу. Оңға және солға бұрылу.<br><br>**Қазақ тілі**<br>Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту, қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, ң, h дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру. Артикуляциялық жаттығулар мен тіл ұстару жаттығуларын айтқызу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуенге дайындық** | Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, серуенге алып шығатын кітаптар мен заттарды дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Табиғи материалдар туралы не білетіндерін сұрау.<br>Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру **(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**. | | | | |
| **Серуен** | Балабақша ауласында қызмет ететін мамандардың еңбегімен таныстыру, бірге іс әрекеттер жасату.<br>**(танымдық іс әрекеті)**<br><br>Қимылды ойын «Білектесу»<br><br>Көңілді әнге би билеу.<br>**(музыка)** | Балабақшаның ауласының тазалығын бақылату. Көктем мезгілінде қандай тазалық жұмыстарын жүргізуге болатынын сұрау. Бірлескен әрекеттер жасату.<br>**(Танымдық, зерттеу, қарым қатынас іс-әрекеті)**<br><br>Қимылды, еркін ойындар<br><br>**Спорттық жаттығулар**:<br>Велосипед, самокат тебу. Шеңбер бойымен және тура жолмен өз бетінше екі дөңгелекті велосипед тебу. Оңға және солға бұрылу | Ауа райын бақылату, Қандай өзгерістер болып жатқанын сұрау. Көктемнің жақындағанын қалай білуге болады анықтату.<br>**(Танымдық, зерттеу іс-әрекеті)**<br><br>Қимылды ойын «Арқан тарту»<br><br>Көңілді әнге би билеу.<br>Ертеңгіліктерге дайындық жұмысын жүргізу<br>**(музыка)** | Ауа райын бақылату. Желдің бағытын анықтату.<br>Ойынға қажетті құрылысты бірлесіп ойдан құрастыруға, алдағы жұмысты бірге жоспарлауға мүмкіндік беру.<br>**(Танымдық, іс-әрекеті)**<br><br>**Спорттық ойын**<br><br>Қимылды ойын «Орамал тастамақ» | Ауладағы тәртіп ережелерін еске түсіру. Ережелердің суреттерін салуға жағдай жасау.<br>**(Қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br><br>Балалардың дербес әрекеттері, ойындары<br>Қимылды ойын «Тақия тастамақ» |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).** | | | | |
| **Түскі ас** | Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу»<br>Кезекшілердің жұмысы ( асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою)<br>Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану , сөйлеспеу, алғыс айту) Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру.<br>(**мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)**<br>Ереже айту. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы баяу музыка тыңдату. **(музыка)** Электронды құрылғылар арқылы ертегі тыңдату. **(көркем әдебиет)** | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту,<br>сауықтыру шаралары** | Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру.<br>(дене жаттығулар мен белсенділігі)<br>Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар**).<br>Өзінің көңіл-күйін сипаттай білуге үйрету. Балаларды дені сау адамның мүмкіндіктерімен таныстыру, олардың салауатты өмір салтына дегенқажеттілігін қалыптастыру. | | | | |
| **Бесін ас** | Кезекшілердің жұмысы ( асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау)<br>Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету.<br>**(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті<br>(баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау** | Топта бар мамандық иелерінің киімдерін кигізіп, рөлдерге еніп ойнату.<br>**(Танымдық іс-әрекеті)** | Өлеңдерді оқып беру<br><br>**Бір шаңырақ астында**<br>Бір шаңырақ астында,<br>Тату-тәтті тұрамыз.<br>Бірге ішеміз асты да, | Табиғи қалдық заттардан шаңырақ жасату.<br>**(Танымдық, шығармашылық іс-әрекеті)** | Орталықтарға бөлініп өздері таңдаған достарының суретін салғызу, мүсінін жасату, қағаздан қиып композиция жасату. | Апта бойы жасалған іс әрекеттерді естеріне түсіріп, ерекше әсер алған сәттермен бөлісу. Жаңа сөздерді пысықтау **(Қарым-қатынас іс-** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **және тағы басқа әрекеттер)** | Досымен жақсы ойнайтын ойыншығын таңдап, бірлесе сол ойыншықтың мүсінін ермексаздан мүсіндету. Кітаптардағы суреттерге қарап сурет салдырту. **(Шығармашылық іс-әрекеті)** | Бірге сайран құрамыз.<br>Ортақ болып ісіміз,<br>Еңбек десе тынбаймыз.<br>Үлкен сыйлап кішіміз,<br>Аға ақылын тыңдаймыз.<br>Достықты үлгі санаған,<br>Бір үйде біз тұрамыз,<br>Қалған ата-бабадан,<br>Бірлік асыл мұрамыз!<br>*Н.Айтов*<br>тақпақтың бір бөлігін жаттату.<br>**(Қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br><br>Топта бар кейіпкерлер киімдерін киіп, рөлдерге еніп ойнауына жағдай жасау.<br>**(Танымдық іс-әрекеті)** | Кітаптардан балалардың сұранысы бойынша ертегі, тақпақтар, әңгімелер оқып беру. Сюжеттік бірізділікті сақтай отырып, балалардың ертегіні мазмұндауын бақылау. Тақпақтарын қайталату.<br>**(Қарым-қатынас іс-әрекеті)** | **(шығармашылық іс-әрекет)**<br><br>Кітаптардан әр түрлі жұмыс құралдарын қарап олармен не істейтіні туралы әңгімелесу.<br>**(Қарым-қатынас, танымдық іс-әрекеті)** | **әрекеті)**<br><br>Топтағы, үйдегі ережелерді орындау жайлы, өзін өзі басқару тәртібі туралы әңгімелесу. Өз ойларын айтқызу.<br>**(Танымдық, зерттеу іс-әрекеті)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Жеке жұмыс**<br>Жолда жүру, өрт, өмір қауіпсіздік ережелері туралы түсініктер қалыптастыру жұмыстары<br>Еңбек | **Мақсаты:**<br>Сюжеттік ойын міндеттерін пайдалана отырып, ірі және ұсақ құрылыс материалдарынан заттар құрастыра алуға көмек беру | **Мақсаты:** Сюжетті эмоционалды қабылдайды, кейіпкерлерге жанашырлық танытады | **Мақсаты:** әннің мағынасын түсіндіру ән айтуға ықылас білдірту | **Ойын «Кімнің заттары?»** (жақын адамдарының заттарын анықтау);<br>Суретті кітапшаларды бояу, пазлдар, мозаика және т.б |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуенге дайындық** | Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу.<br>Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**). | | | | |
| **Серуен** | Қимылды ойын «Ақсерек көксерек»<br><br>Көңілді музыкаға би билету. Достық мерекесіне арналған ертеңгілікке дайындық **(музыка)**<br>Балалардың еркін ойындары | Қимылды ойын «Поезд»<br><br>Балалардың еркін ойындары | Қимылды ойын «Кетті кетті»<br><br>Балалардың еркін ойындары | Қимылды ойын «Ақ серек көк серек» | Қимылды ойындар «Түйілген орамал»<br><br>Балалардың еркін ойындары |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Үйде достық туралы мультфилім көруді ұсыну<br>Апталық жұмыстан не ұнағанын сұрау. | | | | |

**БЕКІТЕМІН:**
ЖШС « **Нур-Раян-1**»
« **AIZARA**»
балабақшасының меңгерушісі
**Каинбаева Н.Т.**

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**
**Мамыр айы 2023 жыл 1 апта**

**Мектепке дейінгі ұйым: ЖШС «Нур-Раян-1» «AIZARA»_балабақшасы**
**Топ: «Бәйтерек» мектепалды даярлық тобы**

| Күн тәртібінің кезеңдері | Дүйсенбі 01.05.2023 | Сейсенбі 02.05.2023 | Сәрсенбі 03.05.2023 | Бейсенбі 04.05.2023 | Жұма 05.05.2023 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балалардың денсаулығын бақылау, оларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Жайлы жағдай жасап, әр баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау **(Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, танымдық әрекет)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу.<br>Мамыр айында болатын демалыс күндер туралы ақпарат беру. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітапқарау және тағы басқа әрекеттер)** | | Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу.<br>Шағын ойын орталықтарында олардың еркін ойындарын ұйымдастыру, үстел үсті ойындары, логикалық ойындар.<br><br>**(Қарым-қатынас іс-** | Өнер орталығында сурет салғызу, суретті кітапшаларды бояуда түстерді өз қалауы бойынша таңдауын дамыту **(бейнелеу іс-әрекеті)**<br>Балалармен жеке жұмыс. | Құрастыру материалдарымен, табиғи заттармен құрастыру ойындарын ойнату.<br><br>Балалармен жеке жұмыс.<br>**(танымдық, зерттеу іс-әрекеттері)** | Кітаптарды қарату, балалардың назарын кітаптың безендірілуіне, иллюстрацияларына аудару. **(көркем әдебиет)**<br><br>Табиғат бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне күтім жасату)<br>Балалармен жеке |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **әрекеті және танымдық іс-әрекет)** | | | жұмыс. **(танымдық іс-әрекет)** |
| **Таңертенгі жаттығу** | Мамыр айына арналған таңертеңгі жаттығуларды орындату. таңертеңгі жаттығуды орындауға қызығушылық тудыру, дене бітімін қалыптастыру және нығайту.<br>**(Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).** | | | | |
| **Таңғы ас** | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін жетілідіру. Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау.<br>Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын пысықтау. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)** Асханада кезекшілердің міндеттерін орындату. Шамасы келетін, бірлескен еңбек әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғынадейін жеткізуге, дербестік пен жауапкершілікке баулу. **(танымдық іс әрекет)**<br>Мәдениетті тамақтану және ас ішу құралдарын еркін қолдану дағдыларынжетілдіру. | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Шаттық шеңбері<br>«Таңғы тілек» балалардың бір біріне жақсы тілек айтуын қалыптастыру. Жаңа сөздер ендіру.<br>Өзін мәдениетті ұстау, әдепті және сабырлы болуды үйрету. **(Қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br>Балалардан сезінген әсерлерімен бөлісуді ұйымдастырып, жаңалықтарды білуге ынталандыру.<br>Достық туралы не біледі? Достықтың  түрлері? Достық қарым қатынас туралы  не біледі және не білгісі келеді сұрау және  бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылату, қызығушылықтары бойынша ұйымдастырылған іс әрекет түрін таңдату, ережелер туралы келісу және т. б. | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекеттер** | | **Көркем әдебиет**<br>Санамақ жаттату<br>**Топ, топ, добым**<br>Топ, топ, добым домалақ,Қайда кеттің домалап?<br>«Бір, екі»,- деп, екі ұрдым,Терезеге | **Сауат ашу негіздері**<br>Жазуды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе қарындашты дұрыс, еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей, саусақтармен | **Сөйлеуді дамыту**<br>Балаларды бір-біріне көмекқолын созуға, бірлесіп, келісіп ойнауға, тапсырманы орындауға, бір-бірінің қуанышына ортақтаса білуге, бір-біріне | **Көркем әдебиет**<br>Жұмбақ шешу,<br>Төрінде тұр нұр көзі,<br>Жердің биік күмбезі.<br>(Аспан)<br>Үлкен алтын табақтан,<br>Әлемге нұр таратқан. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | секірдің.<br>«Үш, төрт, бес»,- деп үлгердім,<br>Ішіне ендің гүлдердің.<br>«Алты, жеті,- дегенде,<br>Жаттың шоршып еденде.<br>«Сегіз, тоғыз, он»,- дедім,Енді ырқыма көнбедің.<br>Топ, топ, добым домалақ,Қайда кеттің домалап?<br>*Ғалым Океев*<br>Жаңылтпашты айтқызу<br>Тақпақ жаттап,<br>Айтсақ жақсы-ақ.<br>Жатқа тақпақ,<br>Жатта тақ-тақ.<br><br>**Музыка**<br>"Біз Отанның сарбазы"<br>Мақсат-міндеттер: балаларды әнді тыңдау кезінде сипатын ажырата білуге үйрету. | біркелкіжоғарыдан төменге, солдан оңға қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей салу дағдысын қалыптастыру.<br><br>**Дене шынықтыру**<br>Жалпы дамытушы жаттығулар. (таңғы жаттығулар қайталанады)<br><br>Негізгі қимылдар:<br>қосалқы қадаммен жүру;<br>жүрумен алмастыра отырып, 100-120 метр арақашықтықта жүгіру;<br>кедергілер арасынан еңбектеу;<br>биіктіктенсекіру, 20 сантиметр дейінгі биіктіктікке секіру;<br><br>Қимылды ойын:<br>Мүсін болып тұр<br>Спорттық жаттығулар:<br>Велосипед, самокат тебу. Шеңбер бойымен және тура жолмен өз бетінше екі дөңгелекті | қамқор болуға баулу.<br>Достық қарым қатынасты нығайтудың әдіс тәсілдері тақырыбында еркін әңгіме жүргізу.<br><br>**Музыка**<br>"Гүл көбелек"<br>Мақсат-міндеттер: балаларды әнді тыңдау кезінде оның сипатын түсіне білу қабілеттеріне және ырғақты қимылдарды музыкамен бірге бастап, соңғы дыбыста бірге аяқтай білуге үйрету.<br><br>**Сауат ашу негіздері**<br>Жазуды көзбен қадағалай отырып, каламды немесе карындашты дұрыс, еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей, саусақтармен біркелкі жоғарыдан төменге, солдан оңға | (Күн)<br>Алып кілем<br>Гүлге толы<br>Үсті кілең.<br>(Жер)<br>Айтыс өнеріне баулу, айтысты тыңдату не туралы екенін анықтату.<br><br>**Математика негіздері** Циферблат бойынша уақытты анықтауды үйрету. Сағаттың түрлерімен таныстыру. Сағатты тани білуін жетілдіру. Нүктелерді, өрнектерді дәптердің тор көзінде сызуға үйрету.<br><br>**Дене шынықтыру**<br>жаттығулар.<br>Негізгі қимылдар:<br>қосалқы қадаммен жүру;<br>жүрумен алмастыра отырып, 100-120 метр арақашықтықта жүгіру; |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **Сауат ашу негіздері**<br>Жазуды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе қарындашты дұрыс, еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей, саусақтармен біркелкі жоғарыдан төменге, солдан оңға қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей салу дағдысын қалыптастыру.<br><br>**Сурет салу Мүсіндеу Жапсыру,құрастыру**<br>Ұжыммен бірге жұмыс істету, Міндеттерді өзара келісіп орындату. «Достарымызбен ойнайтын ойыншықтар» тақырыбында сурет салғызу. Екі немесе одан көп бала ойнай алатын ойыншықтарды бейнелеуді | велосипед тебу. Оңға және солға бұрылу.<br><br>**Қазақ тілі**<br>Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және анық дикцияны дамыту,<br>Жаңылтпаштарды естеріне түсіріп айтқызу.<br>**Математика негіздері**<br>Айлар, жыл мезгілдері туралы түсініктерді қалыптастыру, олардың ретін білу және атату. Күн тізбемен және карточкалармен ойындар ойнату. Нүктелер мен өрнектерді дәптердің тор көзінде сызуға үйрету. | қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей салу дағдысын қалыптастыру.<br><br>**Қоршаған ортамен таныстыру**<br>Өз Отанын жақсы көру, оны қорғауды, Қазақстан әскерінің маңыздылығын түсіндіру. Ұлы Отан соғысы жылдарында отанын қорғаған қазақстандық жауынгерлердің - Кеңес одағының батырлары Бауыржан Момышұлының, Әлия Молдағұлованың, Мәншүк Мәметованың, Халық қаһарманы Рахымжан Қошқарбаевтың ерліктері туралы айтып, оларды құрметтеуді үйрету. Мемлекеттік мерекелердің Қазақстан халқының бірлігі мерекесі, Отан қорғаушы күні | биіктіктенсекіру, 20 сантиметр дейінгі биіктіктікке секіру; допты жоғары, жіптің үстінен лақтыру және екі қолымен, бір қолымен (оң және сол қолын алмастыру) қағып алу;<br><u>Қимылды ойын:</u> Орындарыңа жылдам жет<br><br>**Қазақ тілі**<br>қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, ң, һ дыбыстарын таныту, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру. Тіл ұстартуларды қайталату. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | ұйымдастыру.<br><br>Достар туралы ертегілерді естеріне түсіру, кейіпкерлерін мүсіндету. Ертегілер мен әңгімелердің мазмұны бойынша сюжеттік композицияларды құру дағдыларын жетілдіру.<br><br>Достық туралы ертегі желісі бойынша сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын бере білуді жетілдіру.<br><br>«Біздің балабақша» тақырыбында құрастыру. Құрастырылған құрылыстың шынайы бейнесі арасында байланыс орнатуды дамыту. | | маңыздылығын түсіндіру.Мерекелерге белсенді қатыстыру. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуенге дайындық** | Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ауладағы ойын құрылғыларын дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Үйдегі, балабақша тобындағы міндеттері туралы түсініктерін кеңейту. Ненің «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» екенін түсінуге және ажырата білуге үйрету.<br>Балалардың ретімен (ауа-райы жағдайына байланысты) дұрыс киінуін бақылау **(Қарым-қатынас және еңбек әрекеті, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**.<br>Серуенге шыққанда қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. | | | | |
| **Серуен** | | Құстар арасында достық бола ма? Оны қалай білуге болады? Құстарды бақылату. Балалардың ой тұжырымын тыңдау.<br>**(зерттеу іс әрекеті)**<br><br>Балалармен ата анасымен баланың арасындағы достық туралы жеке жұмыстар және әңгімелер жүргізу.<br>**(Қарым-қатынас іс-әрекеті және танымдық іс-әрекет)**<br><br>Құмда құстардың суретін салғызу<br>**(бейнелеу іс-әрекеті)**<br><br>Қимылды ойын «Аюлар мен аралар»<br>Еркін ойындар | Жануарлардың арасында достық бол ма? Ит пен мысық дос па? тақырыбында әңгімелесу. Зерттеу жүргіздіру.<br>**(зерттеу және танымдық іс-әрекет)**<br><br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар**. Түзу бағытта адымдап жүру. Жұбымен шеңбер бойымен жүрулерін жетілдіру.<br>**(Музыка)**<br><br>Қимылды ойын «Қарлы шеңбер» | Адам өмірі үшін судың, құмның, күн, ай сәулесінің, саздың, тастардың маңызын түсінуін дамыту. Олардың қасиеттерін жеке жеке зерттету.<br>**(зерттеу және танымдық іс-әрекет)**<br><br>**Қимылды ойын**<br>Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу<br>«Мәреге кім бұрын жетеді?» жарыс ойынын ойнату<br><br>Санамақты қайталап жаттату.<br>**(Қарым-қатынас іс-әрекеті)** | Ересектер мен балалар арасында достық бола ма? Достықтың қандай түрі жақсы түсініктерін әнгімелету<br>**(зерттеу іс-әрекеті)**<br><br>Еркін ойындар<br>Қимылды ойын «Аюлар мен аралар»<br><br>Бормен еркін тақырыпта суреттер салғызу.<br>**(бейнелеу іс-әрекеті)**<br><br>**Спорттық жаттығулар**: таңдауы бойынша влосипед, самокат тебу. Шеңбер бойымен және тура |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | жолмен өз бетінше екі дөңгелекті велосипед тебу. Оңға және солға бұрылуын жаттықтыру. |
| **Серуеннен оралу** | Жүйелі түрде шешіну, шкафтарға киімдерін бүктеп қоюды, қолды жууды жетілдіру. Шешіну кезінде шкафқа колготки,сырт киімді ұқыпты салу дағдысын пысықтау. Балалардың достарынан көмек сұрауды сыпайы түрде білдіруді үйрету. Сабын ыдысынан сабын алуға, ересектердің көмегімен қолды сабындауға үйрету. **(көркем әдебиет , дербес, еңбек әрекеті).** | | | | |
| **Түскі ас** | Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындату: қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу. Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру.<br>Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою)<br>Тамақтану (өз орнын білу,дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану , тамақтану кезінде сөйлеспеу аяқтағанда алғыс айту)<br>**(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)**<br>Тамақтанғаннан кейін ауызды шаю. | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылату, қол-аяғын жуу, қол орамалды пайдалану дағдыларын жетілдіру.<br>Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды қалыптастыру. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Тыныш ұйықтауы үшін жайлы баяу музыка тыңдату. «Құмырсқа» ертегісін және кітаптардан басқа да ертегілер оқып беру **(көркем әдебиет)** | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары** | Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру.<br>(дене жаттығулар мен белсенді қимылдар)<br>Адам ағзасы және оның қызметінің ерекшеліктері туралы түсініктердікеңейту. Балалардың назарын ағзасы мен денсаулығының ерекшеліктеріне аудару.<br>Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Қыз балалардың шаштарын тарауға, өруге үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Гигиеналық шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну.<br>Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар**). | | | | |
| **Бесін ас** | Кезекшілердің жұмысын ( асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау) Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын орындауды жетілдіру.<br>Таза және ұқыпты тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларынжетілдіру. Асты тауысып жеуге үйрету.<br>**(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті**<br>**(баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)** | | Ізгі сөздер мен мақалдарды балалармен жеке жұмыс жасау арқылы жаттату.<br>**(Қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br><br>Шығармашылық ойлауды және қиялды дамыту. Қағаздан құрастыру әдістерін қолданып, жазық материалды көлемді пішінге өзгерте білуді бекіту.<br>**(Шығармашылық іс-әрекет)** | Кітапқа қарап сурет мазмұны бойынша әңгіме айтуын жетілдіру.<br>**(Қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br>Денсаулық туралы қалауы бойынша сурет салғызу, мүсінін жасату немесе қағаздан қиып жапсыруына жағдай жасау.<br>**(Шығармашылық, бейнелеу іс-әрекеті)**<br><br>«Өз өзіңе көмектес» бастамасымен топтағы тазалық жұмыстарын орындату.<br>**(еңбек іс-әрекеті)** | Қалауы бойынша орталықтарға бөлініп жұмыс жасауын ұйымдастыру.<br>Серуен кезіндегі бақылаудан кейін - алған әсерлерін суретте бейнелету; қылқаламмен қағазға басып салу тәсілдерін қолдануға; қағаздың ортасын, бұрыштарын, жоғарғы, төменгі, оң және сол жақтарын ажыратуға үйрету.<br>**(бейнелеу іс-әрекеті)**<br><br>«Құмырсқа» ертегісін үстел үсті театры арқылы балалардың бір біріне айтып беруін ұйымдастыру. | «Достықтың белгілері» тақырыбында композиция жасату.<br>**(Шығармашылық, танымдық іс-әрекет)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | **(Қарым-қатынас іс-әрекеті)** | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | | **Жеке баламен жұмыс: Мақсаты:** Алинұр балабақша, балабақша қызметкерлері туралы тақырыптарда әңгімелесуді үйренді. | **Жеке баламен жұмыс: Мақсаты:** Зере табиғаттың маусымдық тақырыптарда әңгімелесуге қызығушылық танытты | **Мақсаты:** Отбасы мүшелері туралы әңгімелейді, оларға өзінің қарым-қатынасын көңіл – күйді түсіну | **Тіл ұстарту жаттығуы**<br>Өс- өс- өс,<br>Тігіп алдым қос,<br>Екіге екіні қос.<br>Көңілде жоқ қос.<br>Өс-өс-өс.<br>Өнегелі болып өс.<br>Ұқыпты боп өс.<br>Ағаш тез- тез өс.<br>Музыка әуенін тыңдап, музыка сай жаттығу жасау. |
| **Серуенге дайындық** | Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектестіру.<br>Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**). | | | | |
| **Серуен** | | Балабақша ауласындағы өсімдіктерді тану, күтім жасату. **(танымдық іс-әрекеті)** | «Мен не білемін» ойыны. Бүгін не үйренгенін әр түрлі заттарды пайдаланып айтуды ұйымдастыру.<br><br>Ойын алаңын лего құрастыру бөлшектері | Қимылды ойын «Қу түлкі»<br><br>Дидактикалық ойын «Бүгін мен үйрендім»<br><br>Бақша ауласындағы гүлдерді тану, | Қимылды ойын «Қармақ»<br>Дидактикалық ойын «Бүгін мен үйрендім»<br><br>Қимылды ойын **Сақина жасыру** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **Қимылды ойындар.** Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. «Арқан тарту» ойынын ойнату. | арқылы құрастырғызу, өз бетінше немесе ойдан құрастыруға баулу **(танымдық іс-әрекеті)** **Қимылды ойындар.** Ұлттық қимылды ойындарды ойнату. Қимылды ойын **Қыз –қуу** | бақылату.**(танымдық, еңбек іс-әрекет)** Қимылды ойын **Түйілген орамал.** | |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Ата-аналармен баланың балабақшада не үйренгенін күнделікті сұрап тұруын ескерту. Ата-аналарға баланың көктем мезгілі туралы не білетінін сұрауын ұсыну. Ертегі ойындарды үйде қайталауды ұсыну. | | | | |

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**
**Мамыр айы 2023 жыл 2 апта**

**Мектепке дейінгі ұйым: ЖШС «Нур-Раян-1» «AIZARA»_балабақшасы**
**Топ: «Бәйтерек» мектепалды даярлық тобы**

| **Күн тәртібінің кезеңдері** | **Дүйсенбі 08.05.2023** | **Сейсенбі 09.05.2023** | **Сәрсенбі 10.05.2023** | **Бейсенбі 11.05.2023** | **Жұма 12.05.2023** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен келуіне жағдай жасау. Балалардың тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді пысықтау. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, баланы жеке пікірін білдіруге тарту **(сөйлеуді дамыту).** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)** | | | Балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу үшін, балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру. Үстел үсті ойындары, логикалық ойындар. Қазақстан жайлы карталарды қарату. (жануарлар құстар, өсімдіктері бар) **(танымдық іс әрекет)** | Жеке ойындар (пазлдар, роботехника құралдары, шашка, бестемше). Өнер орталығында сурет салғызу, суретті кітапшаларды бояуда түстерді өз қалауы бойынша таңдауын дамыту **(танымдық, бейнелеу іс-әрекеті)** | Кітаптарды қарату, балалардың назарын кітаптың безендірілуіне, иллюстрацияларына аудару. **(көркем әдебиет)** Табиғат бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне күтім жасату) **Балалармен жеке жұмыс.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Таңертенгі жаттығу** | Мамыр айына арналған таңертеңгі жаттығуларды орындату (**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).** Таңертеңгі жаттығуды орындауға қызығушылық тудыру, дене бітімін қалыптастыру, нығайту. | | | | |
| **Таңғы ас** | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)**<br>Өз орнына отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты  дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру. | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Шаттық шеңбер<br>Батыр деген не? Қазақ батырларын білесің бе? Жеңіс күні  қандай күн?  тақырыбында балалармен жеке әңгімелер жүргізу. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылату, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдату, ережелер туралы келісу және т. б. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекеттер** | | | **Сауат ашу негіздері**<br>Әртүрлі бағыттағы тігінен,көлденең, қысқа, ұзын, толқынды, ирек сызықтарды, нүктелерді, тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықтықты сақтап, алдымен үлгі бойыншажәне кейіннен өз бетінше жазуға мүмкіндік беру.<br><br>**Дене шынықтыру**<br><u>Жалпы дамытушы</u> | **Сөйлеуді дамыту**<br>Сөйлеуде интонациялық мәнерлілік құралдарын қолдануды дамыту: дауыс қарқынын, логикалық үзіліс пен екпінді реттеу. Қазақ батырларының суреттеріне қарап оларды тану, сипаттау әңгімелеуді жетілдіру.<br><br>**Музыка**<br>"Ақ жаңбыр"<br>Мақсат-міндеттер: | **Көркем әдебиет**<br>Шешендікке, сөз өнеріне баулу<br>баулу. Қазақтың батыр қыздары туралы кітаптар карату. олардың ерлігін айтуын дамыту.<br><br>**Математика негіздері**<br>Кеңістік туралы түсініктерді бекіту: заттарды кеңістікте орналастыруды пысықтау (солжақта, оң жақта, жоғарыда, төменде); қозғалыс бағыттарын тану |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | жаттығулар.<br>Негізгі қимылдар:<br>қосалқы қадаммен жүру;<br>жүрумен алмастыра отырып, 100-120 метр арақашықтықта жүгіру;<br>кедергілер арасынан еңбектеу;<br>биіктіктенсекіру, 20 сантиметр дейінгі биіктіктікке секіру;<br>допты жоғары, жіптің үстінен лақтыру және екі қолымен, бір қолымен (оң және сол қолын алмастыру) қағып алу;<br><br>Қимылды ойын:<br>Доп кімде?<br>Спорттық ойын элементтері:<br>Баскетбол элементтері. Кеуде тұсынан екі қолымен допты бір-біріне лақтыру. Допты оң және сол қолмен алып жүруге | балалардың ақ жауын туралы әнді топпен бірге айта білу дағдыларын қалыптастыру;<br>ырғақты аяқ қимылдарын жасауда аяқты өкшемен және ұшына қоюға үйрету.<br><br>**Сауат ашу негіздері**<br>Әртүрлі бағыттағы тігінен,көлденең, қысқа, ұзын, толқынды, ирек сызықтарды, нүктелерді, тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықтықты сақтап, алдымен үлгі бойыншажәне кейіннен өз бетінше жазуға мүмкіндік беру.<br><br>**Қоршаған ортамен таныстыру**<br>Өз Отанын жақсы көру, оны қорғауды, Қазақстан әскерінің маңыздылығын түсіну. | дағдысын дамыту: сол жақтан оң жаққа,оң жақтан сол жаққа, жоғарыдан төменге, алға, артқа.<br>Қисық және қиғаш сызықтарды дәптердің тор көзінде сызуға үйрету.<br><br>**Дене шынықтыру**<br>Жалпы дамытушы жаттығулар.<br>Негізгі қимылдар:<br>қосалқы қадаммен жүру;<br>жүрумен алмастыра отырып, 100-120 метр арақашықтықта жүгіру;<br>кедергілер арасынан еңбектеу;<br>биіктіктенсекіру, 20 сантиметр дейінгі биіктіктікке секіру;<br>допты жоғары, жіптің үстінен лақтыру жәнеекі қолымен, бір қолымен (оң және сол қолын алмастыру) қағып алу;<br><br>Қимылды ойын:<br>Доп кімде?<br>Спорттық ойын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | жаттықтыру.<br><br>**Қазақ тілі**<br>Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуді. Интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді жетілдіру.<br><br>**Математика негіздері**<br>Кеңістік туралы түсініктерді бекіту: заттарды кеңістікте орналастыруды пысықтау (солжақта, оң жақта, жоғарыда, төменде); қозғалыс бағыттарын тану дағдысын дамыту: сол жақтан оң жаққа, оң жақтан сол жаққа, жоғарыдан төменге, алға, артқа.<br>қисық және қиғаш сызықтарды | Ұлы Отан соғысы жылдарында Отанын қорғаған қазақстандық жауынгерлердің - Кеңес Одағының батырлары Бауыржан Момышұлының, Әлия Молдағұлованың, Мәншүк Мәметованың, Халық қаһарманы Рахымжан Қошқарбаевтың ерліктері туралы білуді, оларды құрметтеуді үйрету. Мемлекеттік мерекелердің Қазақстан халқының бірлігі мерекесі, Отан қорғаушы күні маңыздылығын түсінуін дамыта, оларға белсенді қатыстыру. | элементтері:<br>Баскетбол элементтері. Кеуде тұсынан екі қолымен допты бір-біріне лақтыру. Допты оң және сол қолмен алып жүруге жаттықтыру.<br><br>**Қазақ тілі**<br>Жеңіс күнін қалай тойлағаны туралы сұрау. Бұл мерекенің негізгі ерекшеліктерін өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | дәптердің тор көзінде сызуға үйрету. | | |
| **Серуенге дайындық** | Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу.<br>Балалардың ретімен киінуін, ауа-райы жағдайына байланысты жылы киінуін бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**). | | | | |
| **Серуен** | | | Шелектерге жаңбыр суын жинау. Оны топтағы гүлдерге құюды ұйымдастыру. **(танымдық, зерттеу іс-әрекеті)**<br>«Шөп қалай пайда болады» тақырыбында әңгімелесу.<br>**(Қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br><br>Еркін ойындар<br>Қимылды ойын<br>«Ақсерек көксерек» | Балабақша ауласын мекендейтін құстар мен жануарларды бақылату, оларға күтім жасату. Осы құстар мен жануарлар орманда мекендей ала ма? Неге?сұрақтарына өз бетінше жауап беруін қарастыру **(зерттеу, танымдық, еңбек іс-әрекеті)**<br>Құстар, жануарлар туралы жұмбақтар шешуіне жағдай жасау.<br>**(Қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br><br>Еркін ойындар<br>Қимылды ойын<br>«Сақина жасыру» | Ұшып жүрген құстарды бақылату. Оларды танып, атауын атату. Жем бергізу.<br>**(Қарым-қатынас, танымдық іс-әрекеті)**<br><br>Ағаштың бұтақтарымен құмда құстардың суретін салғызу.<br>**(Бейнелеу іс-әрекеті)**<br>Ұжымдасып құрастыруда ағаш бұтақтарымен табиғи қалдық материалдардан.құс тарға жем салғыш құрастырғызу.<br>**(Шығармашылық іс-әрекеті)**<br><br>Еркін ойындар<br>Қимылды ойын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | **Спорттық ойын элементтері:** Баскетбол элементтері. Кеуде тұсынан екі қолымен допты бір-біріне лақтыру. Допты оң және сол қолмен алып жүруге жаттықтыру | «Хан талапай» |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әдебиет , дербес ойын әрекеті).** | | | | |
| **Түскі ас** | Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындату : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу<br>Кезекшілердің жұмысы ( асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою)<br>Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану , сөйлеспеу, алғыс айту) (**мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)**<br>Тамақтан соң ас қайыру, бата беру. Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру. | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Электронды құрылғыдан ертегі тыңдату. **(көркем әдебиет)** | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары** | Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру.<br>(дене жаттығулар мен белсенділігі)<br>Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету.<br>Қыз балалардың шаштарын тарауға, өруге және жинауға үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар**). | | | | |
| **Бесін ас** | Кезекшілердің жұмысы ( асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау) | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету.<br>**(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)** | | | «Қайсар рухты баламын» тақпақты жаттату<br>Алатау, Алтай арасы –Қазақтың кең даласы.<br>Мен боламын сол елдің<br>Қайсар рухты баласы.<br>Өсіп, өніп, ержетіп,<br>Ақылымды өрлетіп.<br>Елімнің атын шығарам<br>Мықты елдермен тең етіп.<br>*Д.Сүлейменов*<br>Тақпақты бір біріне айтып беруін үйрету.<br>**(Қарым-қатынас және танымдық іс-әрекет)** | «Жеңіс күні» тақырыбында ұжымдық жұмыс жасату<br>**(Шығармашылық іс-әрекет)**<br><br>Кітаптарды қарату. Тақпақ жаттату. Еркін сахналау әрекетін жасауға жағдай қарастыру<br>**(Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)** | Өсімдіктердің тірі тіршілік иесі екендігін бақылату және табиғаттағы себеп-салдарлық байланыстарды ажыратуды жетілдіру **(Танымдық, зерттеу іс әрекет)**<br><br>Еркін шығармашылықпен айналысуына мүмкіндік беру. |
| **Балалармен жеке жұмыс** | | | **Мақсаты:**<br>Заттардың сапасы мен қасиеттерін: сипау, дәмін тату және есту арқылы қызығушылық таныту | Бір, екі, үш...<br>Бойға жинап күш,<br>Шыныгамын таңертең.<br>Ағалардай Отанға,<br>Солдат болам мен ертең. | **Дамытушы ойындар**<br>«Жәндіктердің ғажайып әлемі»<br>Балаларды жәндіктермен және олармен өзін-өзі ұстау тәртіп ережесімен таныстыру |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |
| **Серуенге дайындық** | Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу.<br>Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**). | | | | |
| **Серуен** | | | Қимылды ойын «Жүгіріп өтуге үлгер»<br><br>Балалардың еркін ойыны | Қимылды ойын «Кегли»<br>Көңілді әуенге би билеу, ән тыңдау. **(музыка)**<br>Балалардың еркін ойыны | Қимылды ойын «Кегли»<br><br>Балалардың еркін ойыны |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Үйде ертегі кітаптарының суретіне қарап, ертегі айтып беруін өтіну, ұсыну.<br>Апта бойы алған әсерлерімен бөлісу, жасалған жұмыстар жайлы балалармен әңгімелесуге кеңес беру | | | | |

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**<u>Мамыр айы 2023 жыл 3 апта</u>**

**Мектепке дейінгі ұйым: ЖШС «Нур-Раян-1» «AIZARA»_балабақшасы**

**Топ: «Бәйтерек» мектепалды даярлық тобы**

| **Күн тәртібінің кезеңдері** | **Дүйсенбі 15.05.2023** | **Сейсенбі 16.05.2023** | **Сәрсенбі 17.05.2023** | **Бейсенбі 18.05.2023** | **Жұма 19.05.2023** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Көңілді музыка қойып, көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, сәлемдесуді пысықтау, ауа райы туралы баланың жеке пікірін білу. **(сөйлеуді дамыту).** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу.<br>Ата аналарды толғандыратын сұрақтарға жауап беру. Кеңестер беру. | | | | |

| | |
|---|---|
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)** | Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары.<br>Дидактикалық ойын «Айырмашылығын тап», «Қай ойыншық жоқ», «Ұқсайды-ұқсамайды»<br>Менің ертегі кейіпкерім, әр түрлі заттардан құрастырып ойындар ойнату.<br>Өнер орталығында сурет салғызу, суретті кітапшаларды бояту,<br>Интелектум құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптарды қарату, ертегілер, әңгімелер айтқызу.<br>Табиғат бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне күтім жасату) **Балармен жеке жұмыс.** |
| **Таңертенгі жаттығу** | Мамыр айына арналған таңертеңгі жаттығуларды орындату (**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).** |
| **Таңғы ас** | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)**<br>Өз орнын тауып отыру. Бір біріне астың дәмді болуын тілету. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру. **(сөйлеуді дамыту)** |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Шаттық шеңбері.<br>Үлкенге де сіз,<br>Кішіге де сіз.<br>Құрметпенен сіздерге,<br>Сәлем бердік біз.<br>Әр түрлі жұмсақ ойыншықтарды беру арқылы бір біріне жақсы сөздер айтуын қалыптастыру.<br>Жаңалықтарымен бөлісу. «Гүлдер әлемі» мерекесі тақырыбында әңгімелесу. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылату, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдату, ережелер туралы келісу және т. б. **(сөйлеуді дамыту)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
